



"Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 7 қазан N 1092

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының

K010155_

Кодексіне толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

"Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының

Кодексіне толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

1-бап. "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының K010155_ Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 5-6, 24-құжат; N 17-18, 241-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 33-құжат) мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

1) 447-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"447-бап. Жолаушыларды, теңдеме жүкті және жүктерді автомобиль көлігімен т а с ы м а л д а у е р е ж е л е р і н б ұ з у

1. Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі туралы заңдарымен және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен көзделген жолаушыларды,

теңдеме жүкті және жүктерді автомобиль көлігімен тасымалдау ережелерін бұзу - жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі, заңды тұлғаларға - оннан жиырма беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған нақ сол іс-әрекеттер, - жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі, заңды тұлғаларға - жиырма бестен елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады";

2) мынадай мазмұндағы 447-1, 447-2, 447-3, 447-4-баптармен толықтырылсын:

"447-1-бап. Жолаушылардың, теңдеме жүктің немесе жүктердің автомобиль тасымалдары кезінде жүргізушілердің еңбек және демалыс режимін бұзу

1. Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі туралы заңдарымен көзделген жағдайларда, жүргізушілердің еңбек және демалыс режимін тіркейтін бақылау құрылғыларыңыз (тахографтарсыз) немесе ағытылған осындай құрылғылармен, не толтырылмаған диаграммалық дискілермен, сондай-ақ жүргізушілердің еңбек және демалыс режимін күнделікті тіркеу парақтарын жүргізбестен жолаушылардың, теңдеме жүктің немесе жүктердің автомобиль тасымалдарын жүзеге асыру кезінде автокөлік құралын басқару -

жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі, заңды тұлғаларға - жиырма бестен елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Жолаушылардың, теңдеме жүктің немесе жүктердің автомобиль тасымалдарын жүзеге асыру кезінде еңбек және демалыс режимін автокөлік құралдары жүргізушілерінің бұзуы -

айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады .

447-2-бап. Жолаушылардың, теңдеме жүктің немесе жүктердің халықаралық автомобиль тасымалдарын рұқсатсыз немесе арнайы рұқсатсыз жүзеге асыру

Шетелдік тұлғаларға тиесілі автокөлік құралдары жүргізушілерінің Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі туралы заңдарында көзделген жағдайларда, Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық автомобиль тасымалдарын рұқсатсыз немесе арнайы рұқсатсыз жүзеге асыруы -

айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырма беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады .

447-3-бап. Жолаушылар мен теңдеме жүктің тұрақты емес халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асыру кезінде автокөлік құралдарының жүргізушілерінде жолаушылар тізімінің болмауы

Жолаушылар мен теңдеме жүктің тұрақты емес халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асыру кезінде автокөлік құралдарының жүргізушілерінде жолаушылар тізімінің болмауы -

айлық есептік көрсеткіші үштен беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп

с о ғ а д ы .

447-4-бап. Шетел мемлекетінің аумағында тіркелген автокөлік құралдарымен Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан пункттер арасында жолаушылардың, теңдеме жүктің немесе жүктердің автомобиль тасымалдарын жүзеге а с ы р у

Шетел мемлекетінің аумағында тіркелген, оның ішінде шетел мемлекетінің тасымалдаушыларына тиесілі, Қазақстан Республикасының аумағына уақытша кіргізілген автокөлік құралдарымен Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан пункттер арасында жолаушыларды, теңдеме жүкті немесе жүктерді т а с ы м а л д а у , -

жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі, заңды тұлғаларға - жиырма бестен елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

3) 461-бап мынадай мазмұндағы алты тире бір бөлігімен толықтырылсын:

"6-1. Жолаушылар мен теңдеме жүктің тұрақты автомобиль тасымалдарын жүзеге асыру кезінде рейс алдындағы техникалық тексеруден өтпеген автобусты, шағын а в т о б у с т ы б а с қ а р у -

азаматтарға айлық есептік көрсеткіштің үштен беске дейінгі, лауазымды тұлғаларға оннан жиырма беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады;"

4) 4 6 3 - б а п т а :

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қауіпті жүктерді мамандандырылған автокөлік құралдарымен белгіленген ережелерді бұза отырып, сондай-ақ арнайы рұқсатсыз тасымалдау, -

жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі, заңды тұлғаларға - жиырма бестен елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"3. Ірі көлемді және/немесе ауыр салмақты жүктерді автокөлік құралдарымен тасымалдау, сондай-ақ бөлінбейтін ірі көлемді және/немесе ауыр салмақты жүктерді мамандандырылған автокөлік құралдарымен белгіленген ережелерді бұза отырып, сондай-ақ арнайы рұқсатсыз тасымалдау, -

жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі, заңды тұлғаларға - жиырма бестен елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

5) мынадай мазмұндағы 467-1-баппен толықтырылсын:

"467-1-бап. Жолаушылар мен теңдеме жүктің тұрақты автомобиль тасымалдарын көрсетілген тасымалдау бағыттарына қызмет көрсету құқығын растайтын тиісті к у ә л і к с і з жү з е г е а с ы р у

1. Жолаушылар мен теңдеме жүктің тұрақты автомобиль тасымалдарын көрсетілген тасымалдау бағыттарына қызмет көрсету құқығын растайтын тиісті куәліксіз жүзеге а с ы р у -

жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің үштен беске дейінгі, заңды тұлғаларға

- оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған нақ сол іс-әрекеттер - жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі, заңды тұлғаларға - жиырма бестен елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

6) 541-баптың бірінші бөлігінде:

"446 (екінші бөлігінде)," деген сөздерден кейін "447, 447-1, 447-2, 447-3, 447-4" деген цифрлармен толықтырылсын;

"461 (үшінші бөлігінде)" деген сөздер "461 (үшінші және алты тире бір бөліктерінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

"462 (үшінші бөлігінде)," деген сөздерден кейін "463 (екінші және үшінші бөліктерінде)," деген сөздермен толықтырылсын;

"467 (бірінші - үшінші, бесінші бөліктерінде)," деген сөздерден кейін "467-1," деген цифрлармен толықтырылсын;

7) 549-баптың бірінші бөлігі "(өздерінің қадағалауындағы шағын кемелер мен олардың тұруына арналған құрылыстар базалары бөлігінде)" деген сөздерден кейін "461 (алты тире бір бөлігінде)" деген сөздермен толықтырылсын;

8) 620-баптың 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"6) көлік бақылау органдары сақталуын бақылауды жүзеге асыратын ережелер бұзылған жағдайда - осы органдар;"

9) 630 - бапта:

бірінші бөлігінде: "Кодекстің" деген сөзден кейін "447, 447-1, 447-2, 447-3, 447-4," деген цифрлармен толықтырылсын;

"462" деген цифрдан кейін "463 (екінші және үшінші бөліктерінде)" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөлігінде "Шағын көлемді кемелер жөніндегі мемлекеттік инспекцияның" деген сөздер "көлік бақылау органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 636 - бапта:

1-тармақтың 1) тармақшасының он тоғызыншы абзацындағы "445" деген цифрдан кейін "447, 447-1, 447-2, 447-3, 447-4, 461 (алты тире бір

бөлігі), 463 (екінші және үшінші бөліктері), 467-1" деген цифрлармен және сөздермен толықтырылсын;

2-тармақтың екінші абзацында "көлік бақылау инспекторының" деген сөздер "лауазымды адамдарының" сөздерімен ауыстырылсын, "457" цифрынан кейін "477 (төртінші бөлігі), 478, 479, 480 (үшінші, төртінші бөліктері), 481 (автомобиль көлігінде және электр көлігінде құқық бұзушылықтар жасағаны үшін) - баптары" деген цифрлармен және сөздермен толықтырылсын.

2-бап. Осы Заң жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК